

9 дәріс. Ежелгі Рим мәдениеті.

Жоспары:

1. Әйгілі қалалар.
2. Мәдениетке этрустардың ықпалы

Ежелгі дәуірде Италиядан Испанияға дейінгі аймақты жайлап, өздерімен туыстас сақ-скиф, аландармен тығыз мәдени қарым-қатынаста болған этрустар алғаш осы аймақта Рим мәдениетінің негізін салған. Этрустардың, гректердің, сақ-скифтердің озық үлгідегі мәдениеті, өнері Рим өркениетінің қарыштап өсуіне үлкен ықпал еткен. Дүниежүзілік ескерткіштердің ішінде өзіндік орны бар: Пантеон, Колизей, Гард көпірі, түрлі форумдар мен теримдер т.б. Рим мәдениетін жоғары көтерді.

Б.д.д. VIII-VI ғасырларда Этрурия ықпалы Жерорта теңізі өңіріне кең тарады. Олар әйгілі ірі қалалар: Цере, Тарквиний, Клузийді салды. Қалаларды ірі мұнаралы қорғандармен қоршады. Олардың тұсында құрылыс техникасы жоғары дамыды. Оны олардың салған жолдары, көпірлері және каналдарынан көруге болады.

Б.д.д. VI ғасыр шамасында этрус өркениетіне эллин мәдениеті пәрменді ықпал етті. Олар сонымен қатар қара және қызыл пішінді құмыралармен әуестенді. Этрустардың өте ертедегі ескерткіштері б.д.д. VII ғасыр мен V ғасырларда дамыды. Осы тұста, әсіресе, табыт басына қалайтын мүсіндер жасау көбейді. Сондай табыттың бірі б.д.д. VI ғасырдың екінші жартысында Цереде жасалған. Тас табытта сомдалған ерлі-зайыпты этрус ақсүйектері көпшілікке жантайып, той төрінде жайғасып жатыр. Жатқандардың салтанатты қалпы ерекше мәнді берілген.

Этрустарда б.д.д. VI ғасырда мүсін өнері бұрын-сонды болмаған, кемелденген кезеңге көтерілді. Вейи қаласының шеберлері бұл салада ерекше танылды. Солардың бірі, әйгілі мүсінші Вулка Римге шақырылды. Ол онда Капитолий-Юпитер ғибадатханасының айшықтарын жасады. Оның сомдаған мүсіндерінің ішіндегі елеулісі – Апаллон мүсіні. Мүсін Вейи қаласынан табылған.

Сонымен қатар этрустар асыл металдарды өндеп, адам таңданарлық зергерлік бұйымдар жасады. Олар бүршік салу әдісін меңгеріп, жақұттан алқа, түрлі сырғалар жасады.

Этрустарда қола құйма әдісі де мейлінше дамыды. Олар көбінесе аңдар мен таңғажайып хайуанаттар бейнесіне қызығатын. Соның бірі – белгісіз шебердің жасаған Химераның мүсіні. Этрустардың әйгілі Капитолий өнері ескерткіштеріне – қаншық қасқырының мүсіні жатады. Аңызда Римнің негізін қалаған егіз екі жігітті сәби кезінде қаншық қасқыр емізген деген аңыз баяндалады. Осы оқиғаны есте қалдыру мақсатында Римдегі жеті шоқының бірі – Капитолийде б.д.д. VI ғасырдың аяғында осы мүсін орнатылған.

V ғасырдың басында этрус мәдениеті құлдырады. Өйткені қыруар тайпалармен үздіксіз соғыс, әлеуметтік қақтығыстар оларды қуатынан айырды. Б.д.д. 474 жылы итальян қалаларының біріккен флоты этрустарға және олардың одақтасы Карфагенге соққы берді, сауда жолдарынан

ығыстырды. Саяси дербестіктен айырылған эртустар өзіне тән өзгеше өнерінен де қол үзе бастады. Соған қарамай кемел шеберлікті сақтай отырып, этрус суретшілері грек өнерінің мол мұраттарын мейлінше шебер пайдаланды. Этрустардың өнері құл иеленуші Римнің көркем өнерін қалыптастыруда елеулі рөл атқарды.

Рим мәдениеті, өнері этрустар мен гректердің пәрменді ықпалымен дамыды. Алғашында олардың мәдениеті мен өнеріне этрустар едәуір әсер етті. Олар, әсіресе, этрустардан халықты жікке бөлуді, әдет-ғұрып, діни-нанымдарды, әскери ұйымдастыру мен театр ойын-сауықты, құрылыс тәсілі мен гладиаторлық шайқастарды өздеріне дарытты, солардан қабылдап үйренді. Римдіктердің тарихында бірнеше ғасырға дейін этрустардың мәдени тұрғыдан басымдылығы сақталып келді.

Грекияның жаулап алынуы да римдіктерге өнер талғамының тамаша өнерімен сусындауына жол ашты. Сол кезде Рим ақыны Гораций былай деген: «Тұтұындалған Грекия өзінің өнерімен жабайы жеңімпаздарды жаулап алды». Ақын асыра айтқанымен, Грекия өнерінің римдіктерге үлкен мәдениет әкелгенін, эстетикалық ой-өрісін дамытқанын білдіреді, римдіктердің олардың өнеріне бас игенін көрсетеді. Тіпті б.д.д. II ғасырда грек тілі рим ақсүйектерінің тіліне айналды. Жан-жағынағы елдерді жаулап, өз үстемдігін орнатқан римдіктер тәуелді патшалықтардың асыл қазынасын, көз тұнатын ескерткіш-мүсіндерін ашқарақтықпен әкетіп жатты. Соның арқасында императорлар мен белсенді ақсүйектердің сарайлары мен гүлзарлары, қоғамдық ғимарат алаңдары неше түрлі мүсіндерге толды. Бұлардың ішінде Фидий, Мирон, Поликлет, Скопс, Пракситель Лисипп сияқты ұлы шеберлердің туындылары да болды.

Римдіктер грек сәулетінен көп нәрсе үйренді, оны сол кездегі құрылыстардан байқауға болады. Сонымен бірге әрқилы көпір, жолдар салуда шеберліктерімен даңқы шықты. Б.д.д. 32 жылы Аппий Клавдий бастаған құрылысшылар өз заманындағы атақты тасжолды төседі. Тасжол білгір инженердің атымен Аппий жолы деп аталды. Жол кезінде стратегиялық үлкен рөл атқарған, сонымен бірге астана – Римді Италияның басқа қалаларымен жалғастырды. Кезінде осы жолмен жаугершілікке аттанған, бақайшағына дейін қаруланған Рим легиондары өткен. Б.д.д. 71 жылы ұзақ соғыстан кейін жеңіліске ұшыраған Спартак көтерілісшілерін, әдейі халық көріп сескену үшін осы жолдың бойында ашамайға таңып асып өлтірген.

Рим шеберлері сарайлар салуда гректер мен этрустардың және шығыс елдерінің бай тәжірибесін пайдаланды. Рим сәулетін айтқанда, рим форумы ерекше аталады. Қорым кезінде қоғамдық ғимараттар тоғысқан орталық болған. Қазір қорымнан қалғаны тек Сатурн храмының сегіз гранит бағанасы ғана. Храмды б.д.д. I ғасырда Цезарь салдырған.

Бейнелеу өнерінде римдіктер портретке көп көңіл бөлді. Гректердей ғажайып аңыздарға, құдайларды дәріптейтін тақырыптарға бармай, өмірде болған уақиғаларға иек артты. Тарихи тұлғаларды мүсіндеу жолға қойылды. Сол кездегі елеулі мүсіннің бірі – Римнің соңғы патшасы Тарквиниді қуған көтеріліс басшысы Юний Бруттың бейнесі.

Біздің жыл санауымыздың басында Италияда республикалық құрылыс құлап, оның орнына императорлар басқарған Рим империясы орнады. Алғашқы император болып Октавиан Август тағайындалды. Б.д.д. 27 жылы ұлы патшаға Рим сенаты «күдіретті» деген атақ табыс етті. Осыдан кейін императорлардың бәріне де осы атақ берілді. Август басқарған үкімет басқа халықтарға өте қатал саясат ұстады. Саясатта болсын, әдебиетте болсын, римдіктердің басқалардан артықшылығын баса көрсетті. Бірақ та осындай тәкәппар, менмен римдіктер Грек өнеріне келгенде бастарын иді, олардың озық ойлы азаматтарын сыйлап, құдайларын құрмет тұтты. Император үлкен реформаторлық өзгерістер әкелді. Қала, инженерлік құрылыстар тұрғызуды қолға алып, ғажайып үлкен сарай-храмдар салдырды. Ең бірінші Рим қаласын қолға алды. Ескі кірпіштен қаланған шаһарды қайта жаңғыртып, жарқыраған мәрмәрдан салдырды. Ежелгі Мысырдың ұлы перғауындарының жолын қуып, асқақ та айбынды құрылыстар арқылы империя күші мен қаһарын көрсетуге тырысты. Император қиялының өмір шындығына айналуын заманымыздың 50-70 жылдары салынған Колизей амфитеатры куәлайды. Құрылыс қабырғасы ірі тас кесектерден қаланған, биіктігі 50 метр. Амфитеатр үш ярусты қабаттан тұрады. Ярусты аркаларды әртүрлі мүсіндермен көмкерген.

IV ғасырдың аяғы мен I ғасырда Рим империясы әлсіреп, солтүстік-шығыстан көптеген тайпалар елге жаугершілікпен қоныстана бастады. Алғаш Гот тайпаларының шапқыншылығы, содан кейін көшпенді ғұндардың тегеурінді шабуылы империяны күйретіп әлсіретті. Сөйтіп, соғыссыз-ақ бүкіл Рим империясы ғұндардың билігіне көшеді. Ғұндар Рим империясын, бүкіл Еуропаны 493 жылға дейін билеп-төстеген. Тарихта бұл туралы көптеген ғалымдар, оның ішінде Томас Костейн, Тьерри Амеди және т.б. өз еңбектерінде жазып кеткен. Жаугершілік пен шапқыншылық кезінде өзінің жауларының сөзіне тоқтап, үлкен даналық пен парасаттылық көрсеткен Еділ батыр Еуропа халықтарының сүйіспеншілігіне бөленген. Сондықтан да оны дәріптеп, ол туралы әртүрлі дастандар, аңыздар шығарған. Оны өздерінің ұлттық батыр билеушісіндей санаған. Оның тұсында ғылым, әдебиет, өнер біршама өскен. Әсіресе, сақ-скифтік зергерлік өнер жаңаша түрде өркендеген.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Тейлор Б. Art today. Актуальное искусство 1970-2005. – М., 2006
2. Фар-Беккер Г. Искусство модерна, 2004
3. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры. – М., 2008
4. Акопян К.З. 20 век в контексте искусства. – М., 2005
5. Герман М. Импрессионисты. Судьбы, искусство, время. – М., 2004
6. Родькин П. Футуризм и современное визуальное искусство. – М., 2006
7. Мировое искусство. Прерафаэлизм. – Спб, 2006.
8. Сарабьянов Д. История русского искусства: конец 19-начало 20 вв. – М., 2001
9. Суретті өнер тарихы. – Алматыкітап, 2014. - 400 б.

Қосымша оқу материалдары:

1. Бобков В. Галерейный бизнес. – Москва, Арт-менеджер, 2006.
2. Словарь музейных терминов и определений. - Челябинск, 2000.
3. Суворов Н.Н. Галерейное дело: Искусство в пространстве галереи: Учебное пособие. - СПб. 2006.
4. Центральный государственный музей Республики Казахстан. - А., 2003
5. Ионина Н.А. Сто великих музеев мира. - М. 1999.
6. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. - М., 2003.
7. Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – А., 2009.